

### Библиографический список

1. Даулеткулов А.Б. Олимпиады по информатике. – Алматы, РНПЦ «Дарын», 1999.
2. Окулов С.М. Программирование в алгоритмах. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2002. – 341 с.
3. Цыганова А.Д. Олимпиадная информатика: учебное пособие. – Костанай, 2013. – 179 с.

**«МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТАРЫ» ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ  
«ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ  
THE SUBJECT "TRAINING OF TALENTED AND EXCEPTIONAL CHILDREN" IN THE CONTENT  
OF DISCIPLINE "PROFESSIONAL REFERENCE POINTS OF THE TEACHER"**

**Даулетбаева Г.Б.**

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,  
Қостанай, Қазақстан*

### Аннотация

В статье обсуждается тема «Обучение талантливых и одаренных детей» в содержании дисциплины «Профессиональные ориентиры учителя». Определены цели изучения данной темы и методы, используемые для дальнейшего развития способностей учащихся.

**Ключевые слова:** талантливые и одаренные, цель, методы, Фриман, умственная способность, упражнения, ресурс.

**Keywords:** talented and gifted, purpose, methods, Freeman, mental ability, exercises, resource.

Қазақстан республикасы алға даму үшін, мектеп оқушыларының таланты мен дарын қабілеттерін анықтап, оларды оқыту кезінде әрі қарай дамыту өте маңызды. Қазіргі кезде білім беру саласында жоғары жетістіктерді анықтайтын және ынталандыратын бірқатар өңірлік, ұлттық, халықаралық сайыстар мен бағдарламалар жүргізіледі. Дегенмен, мұндай іс-шаралар талант пен дарындық қабілетті өрістетудің, барлық балалар әлеуетін дамытудың жалғыз тәсілі болып табылмайды. Ол да дұрыс, өйткені бұндай сайыстарға тек бірең – сараң оқушылар ғана қатысады. Бұл оқушылардың қабілеттерін мұғалім не ата-ана ашқан. Бірақ қаншама балалардың талантты және дарынды қабілеттері ашылмай, дер кезінде анықтай алынбай қалған.

Мұғалімдер талантты немесе дарынды оқушыны анықтауда Фриманның келесі өлшемдерін қолдана алады:

– *есте сақтау және білім*: оқушылардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары; олар ақпаратты біліп қана қоймай, оны пайдалана алады;

– *өз білімін жетілдіру*: олар оқу үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өздерінің оқуын реттей алады.

– *ойлау қабілетінің жылдамдығы*: олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ жоспарды тез жүзеге асырады;

– *мәселені шешу*: олар ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетеді;

– *икемділік*: басқаларға қарағанда олардың ойлау қабілеттері жақсы ұйымдастырылған, олар оқуда және проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады;

– *күрделілікке деген сүйіспеншілік*: қызығушылығын арттыру үшін олар күрделі ойын мен тапсырмаларға ұмтылады;

– *шоғырлану*: ерте жасынан бастап ерекше қабілеттерін ұзақ уақытқа шоғырландыра алады;

– *ерте символдық белсенділік*: олар ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза бастайды.

Осы белгілерді оқушының бойында анықтау үшін, мұғалімнен оқу үдерісінің барысында оқушыларды мұқият бақылауды талап етеді.

Педагогикалық шеберлік орталығы ұсынған, жеті модулді қамтитын бағдарламада талантты және дарынды балаларды оқытуды дамыту үшін инклюзивті тәсіл қарастырылған. Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер нәтижелері пайдаланылған. Талантты және дарынды балаларды оқыту оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге қатысты ой-пікірлерді, барлық оқушыларды кеңінен оқытуға ықпал ететін оқу бағдарламаларын кеңейту және барлық оқушылардың осындай қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқыту мен оқудың сараланған стратегияларын таңдау жөніндегі идеяларды қамтиды.

«Мұғалімнің кәсіби бағыттары» пәнінің мазмұнындағы «Талантты және дарынды балаларды оқыту» тақырыбын оқытуда студенттерге келесі оқу мақсаттарын қоямыз:

- талантты және дарынды оқушылар түсініктерін ажырата алады;
- сыныптағы оқушылардың қажеттіліктерін дұрыс анықтай алады;
- инклюзивті тәжірибеге сүйеніп тәсілдерді ұсына алады;

- оқушылардың қажеттіліктеріне сай оқу бағдарламасы мен оқу стратегияларына «тереңдету» туралы идеялар ұсына алады;

- қиындатылған тапсырмаларды оқушылардың қажеттіліктеріне сай етіп әзірлеп, талдай алады;

- қиындатылған тапсырмаларды әзірлеуде әртүрлі тәсілдер мен әдістемелерді пайдалана алады;

- қабілеттілігі әртүрлі оқушылар тобы үшін ортақ тапсырмаларды жоспарлай алады;

- сабақта өткізілетін жаттығулар мен ресурстарды тиімді пайдаланады.

Жоғарыда аталған мақсаттарды қояр алдында келесі нәтиже болжанады: студенттер сыныптағы қабілеттері әртүрлі оқушыларды анықтай алып, олармен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістемесін біліп, сол оқушылардың қабілеттерін ары-қарай дамыту мақсатында сабақтарында дұрыс пайдалана алады.

Қойылған мақсатқа жету үшін, қабілеттері әртүрлі оқушыларды анықтау, олармен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістемесімен, сол оқушылардың қабілеттерін ары-қарай дамыту мақсатында қолданылатын әдіс-тәсілдерімен таныстырамыз.

«Талантты және дарынды балаларды оқыту» модулі бойынша сабақтарымыздың түйінді идеялары келесі болу мүмкін:

- оқушылардың әртүрлі қажеттіліктері инклюзивтік ортада қанағаттандырылу мүмкін;

- топқа берілген ортақ тапсырмалар қабілеттері әртүрлі оқушыларға міндеттер қою үшін қолданылу мүмкін;

- қиындатылған тапсырмалар сыныптағы талантты және дарынды оқушылар үшін қолданылады.

- «Талантты және дарынды балаларды оқыту» тақырыбына студенттерге өткізетін сабақтарда келесі жаттығулар мен ресурстарды пайдалануға болады:

- Дарындылықты анықтау үшін жиі қолданылатын тәсілдерге шолу

- «Зияткерлік тапсырма берудегі оқу бағдарламасының мүмкіндіктері» кестесі;

- екі сайт негізінде Египет түрлерін көрсету, 3D интерактивті анимациясы;

- дарынды және талантты балалар жөніндегі талқылау парағы;

- зияткерлік міндеттерді жоспарлау: бір талантты оқушының мінездемесін таңдап, кейіннен осындай оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін өзгертілуі мүмкін тапсырмаларды әзірлеу;

- АКТ-ны қолдана отырып, талантты және дарынды оқушылар үшін тереңдетілген тапсырмалар;
- күрделендірілген тапсырмалармен таныстыру
- зияткерлік тапсырмаларды жоспарлау
- күрделендірілген тапсырмалардың сараптамалық кестесі
- жаңа білім мен ойларды игерудегі жеке дағдыларды өзіндік бағалауға сауалнама
- дарынды және талантты балалардың әлеуетін анықтауға тапсырма.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің басты мақсаты - қабілетті, дарынды оқушыларды дәл таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімдерін және пәнге деген қызығуын арттыра білу, оқушының табиғи талантын дамытып, ерекше қабілеті бар баланы дарындыға айналдыра білу болып табылады. Әр мұғалім осы мақсатқа ұмталса ғана, өз қабілетінің арқасында бәсекелестікке, көшбасшылыққа, түрлі байқауларға қатысуға ұмтылысы жоғары дарынды балалар саны көбейеді.

#### **Библиографиялық тізімі**

1. Педагогикалық шеберлік орталығының ресми сайты: [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz)
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 бет.

#### **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ «ТОТАЛЬ» В ИСЛАМСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ ИРАН В СФЕРЕ ЭНЕРГЕТИКИ.**

##### **ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ИРАНА**

#### **ACTIVITIES OF «TOTAL» IN THE ISLAMIC REPUBLIC OF IRAN IN THE ENERGY SPHERE.**

##### **THE GEOPOLITICAL POSITION OF IRAN**

***Абильмаликов К.К.***

*Костанайский государственный педагогический институт,  
Костанай, Казахстан*

#### **Аннотация**

В статье рассматривается геополитическое положение Ирана после введения экономических санкций, наложенных США и странами ЕС. Влияние экономических санкций на нефтегазовый сектор ИРИ. Автором исследуется на основании годовых отчетов компании «Тоталь» взаимоотношения Франции и Ирана вплоть до 2016 г.